

КМГ сокращает  
расходы на транспорт

2

Жаңаөзеннің қара  
алтыны

5

Қазақ мұнайының  
тарихы

6

Мұнайшылар  
Спартакиадасы  
дүрілдеп өтті

10

[munailymeken.kz](http://munailymeken.kz)

# Munaily meken

№ 08  
Тамыз  
2019 жыл

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басылымы

Газет 2005 жылдың 29 желтоқсанынан шыға бастады

ҚАЗАҚСТАН

МҰНАЙҒЫНА

1899

2019

120

ЖЫЛ

## ҚазМұнайГаз және Экология министрлігі меморандумға қол қойды

2019 жылғы 6 тамызда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжатқа ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев және Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев қол қойды.

Меморандум қоршаған ортаның сапасын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Құжатқа сәйкес, ҚМГ еншілес кәсіпорындары – «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Өзенмұнайгаз» АҚ – келісімшарт аумақтары шегінде мұнаймен ластанған жерлерді тазалау, сондай-ақ жабдықталмаған шлам жинағыштарында орналастырылған қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі міндеттерді қабылдайды. Маңғыстау облысында мұнай кен орындарын пайдалану өткен ғасырда басталғанын атап өткен жөн бұл мұнаймен ластанған ауқымды жерлердің пайда болуына

әкеліп соқты (түрлі өндіріс қалдықтары және ескі мұнай төгілулері). Қазіргі уақытта ҚМГ компаниялары тобы тарихи ластанған жерлерді кәдеге жарату туралы шешім қабылдады.

Меморандумға сәйкес ҚМГ өзінің еншілес және тәуелді ұйымдарымен бірлесіп, экологиялық талаптар мен стандарттардың міндетті сақталуын қамтамасыз етеді, келісімшарт аумақтарында қалдықтарды түгендейді, қалдықтарды қайта өңдеу, мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіру бойынша озық әдістер мен экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізеді. Сондай-ақ, қалдықтарды қайта өңдеу өнімдерін (тазартылған топырақ) кейіннен шаруашылық қызметте пайдалануды қамтамасыз етеді.

Экология министрлігі өз кезегінде экологиялық заңнама талаптарының сақталуына бақылау жүргізеді, ҚМГ компаниялары тобы қызметінің қоршаған ортаға жағымсыз әсерін азайту жөніндегі шаралардың іске асырылуын үйлестіреді. Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиевтің айтуы бойынша, Қазақстанда



алғаш рет компания өзіне мұндай көлемдегі міндеттерді қабылдауда.

«Бұл құжатты іске асыру еліміздің батысындағы мұнаймен ластанған жерлерді едәуір тазартуға, өңірдің жағымды экологиялық ахуалын қолдап тұруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Министрлік қоршаған ортаны қорғауға бағытталған тұтас бір шаралар кешенін орындауды жоспарлап отыр», – деп атап өтті М.Мырзағалиев.

«ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының

қызметі қоршаған ортаға әсер етуімен тікелей байланысты. Сол себепті біз еліміздің байтақ табиғатын, табиғи ресурстарды сақтауға, қоршаған ортаның тарихи ластанған жерлерін жоюға, қалдықтарды азайтуға мүдделіміз. Бүгінгі меморандум Экология министрлігімен күш-жігерімізді біріктіріп, «ҚазМұнайГаз» қызметін жүргізетін өңірлерде экологиялық ахуалды барынша жақсартуға мүмкіндік береді», – деді ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев. **М**

## «КазМунайГаз» сокращает расходы на транспорт

Перевозка грузов и пассажиров всегда предполагает значительные расходы. И чем обширнее география деятельности компании, тем выше бюджет на транспорт: сюда относятся расходы на ГСМ, ремонт и техническое обслуживание, амортизацию транспорта и спецтехники, зарплата и т.д. В группе компаний «КазМунайГаз» нашли решение для сокращения транспортных затрат. С апреля 2018 года в АО «Эмбаунайгаз» внедрили проект «Эффективное использование

спецтехники в режиме реального времени на нефтедобывающем предприятии».

Сегодня компания в четырех районах Атырауской области разрабатывает 33 месторождения, которые разбросаны друг от друга в радиусе 500 км. Для доставки оборудования на месторождения, ремонта скважин, перевозки рабочего персонала и обеспечения многих других производственных процессов в компании используется почти 700 единиц автотранспорта

и спецтехники. До последнего времени учет и планирование движения транспортных средств осуществлялось ручным способом на бумажных носителях посредством записи в специальных журналах. Это значительно усложняло работу, требовалось время для обработки всех записей, выдачи и заполнения путевых листов, ГСМ и соответствующего их списания.

Назревала необходимость кардинальных перемен. Для снижения затрат на обслуживание транспорта, повышения прозрачности процессов, увеличения эффективности технического обслуживания и в целом внедрения современных инструментов управления в группе компаний «КазМунайГаз» было принято решение о реализации нового проекта. Его суть заключалась во внедрении единой системы управления автотранспортным парком с помощью современных IT-технологий. Результаты не заставили себя ждать. Только за 7 месяцев 2019 года потребление дизельного топлива сократилось на 12% или почти на 141 млн тенге, время ожидания спецтехники сократилось до 80%, а коэффициент использования парка повысился с 58% до 64%. При этом дополнительных затрат на реализацию проекта не потребовалось, все было проведено в рамках утвержденного бюджета.

Кроме того, в компании позаботились и о

людских ресурсах. Перед внедрением проекта организовали встречи с коллективами, где рассказали о проекте, ответили на все интересующие вопросы, провели обучение. Стоит отметить, что, несмотря на автоматизацию проекта, никто из сотрудников сокращен не был.

«На сегодняшний день решения внедрены в шести подразделениях компании, проведена интеграция уже используемыми IT-системами. По итогам проекта повысилась эффективность использования автопарка, создана единая интегрированная информационная среда на базе IT-решений, которая позволила решить сразу несколько задач: обеспечить прозрачность процессов управления, контроля и учета; снизить время на подготовку регламентной и управленческой отчетности, повысить достоверность данных и минимизировать влияние человеческого фактора», – отмечает заместитель председателя правления по экономике и финансам АО «Эмбаунайгаз» Рысты Тасмагамбетова.

Стоит отметить, что в группе компаний «КазМунайГаз» это не первый и далеко не последний проект по оптимизации производственных процессов посредством IT-решений. В настоящее время в компании активно работают и над другими проектами в рамках трансформации с целью повышения эффективности своей деятельности. **М**



## В «Казгермунай» подписали Коллективный договор на 2019-2021 годы

В спортивном зале месторождения Акшабулак состоялась отчетная встреча Правления ТОО «СП «Казгермунай» с трудовым коллективом компании по итогам первого полугодия 2019 года. Во встрече приняли участие не только работники нефтепромысла, но и сотрудники Головного управления компании, директор департамента управления человеческими ресурсами АО НК «КазМунайГаз» Ботагоз Аширбекова, заместитель генерального директора по производству АО «ПетроКазахстан Кумколь Ресориз» У Цзинпэн, руководитель представительства Товарищества в городе Нур-Султан, ветераны предприятия – члены Общественного фонда «Ардагер-Мұнайшы». Помимо этого, посредством видео-конференц-связи во встрече приняли участие 53 работника Головного управления компании, 10 сотрудников представительства Товарищества в городе Алматы, 37 работников месторождений Нуралы и Аксай.

С отчетом об итогах деятельности компании по основным направлениям: по производственному и геологическому блокам, по финансово-экономическому блоку, по охране труда и окружающей среды, по управлению человеческими

ресурсами, по социальному блоку выступил Генеральный директор М.К.Мустафаев. Он уделил особое внимание итогам проведенной на предприятии аттестации производственного персонала ЦПитГ, ЦППН месторождения Акшабулак и УПН месторождения Нуралы, а также теме предстоящей аттестации еще 292-х работников оставшихся цехов.

После отчетной части встреча продолжилась презентацией условий Коллективного договора на 2019-2021 годы, после которой состоялась Торжественная церемония его подписания. В 2011 году ТОО «СП «Казгермунай» было завоевано первое место на Республиканском конкурсе социальной ответственности бизнеса «Парыз» в номинации «Лучший коллективный договор». С тех пор Коллективный договор Товарищества претерпел целый ряд положительных изменений. И, несмотря на все вызовы современной экономики, общими усилиями участников, Правления компании и представителями Профсоюзного комитета КГМ все социальные гарантии и льготы для членов трудового коллектива удалось сохранить. **М**



## Құрметті әріптестер!

Биыл бәріміз үшін айрықша мереке! Қазақстан мұнайына – 120 жыл толды!

Баршаңызды «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының және жеке өзімнің атымнан осы мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын. Бұл ардагерлер мен мұнай-газ саласында еңбек етіп жүрген жандардың, жалпы қазақ халқының ортақ жетістігі!

1899 жылы Қарашүңгілде алғаш рет мұнай фонтаны атқылады. Ғасырдан астам уақыт ішінде мұнай-газ өнеркәсібі қалыптасып, қарыштап дами түсті. Ірі кен орындары ашылды. Мұнайшылардың бірнеше ұрпағы алмасты.

Еліміз Тәуелсіздік алғалы бері мұнай-газ саласы жаңа кезеңге қадам басып, өндіріс өрледі. Жер байлығын игеруге отандық және шетелдік инвесторлар тартылып, қомақты қаржы құйылды. Әлемнің алпауыт компанияларымен әріптестік қарым-қатынас орнатылды. Бүгінге дейін салаға шамамен 200 млрд. АҚШ доллары тартылды.

Бұл өндіріс тиімділігін арттыру мен инфрақұрылымды дамытуға, сол арқылы мұнай-газ өнеркәсібін жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік берді.

Нәтижесінде, салада жағымды өзгерістер орын алды. Өндіріске озық технология енгізілді, мұнайшылар игілігі үшін тұрмыстық нысандар бой көтерді, әлеуметтік инфрақұрылым жақсарды. Өткен жылдар мен бүгінгі өндірістің ахуалын мүлдем салыстыруға келмейді. Жер мен көктей! Кәсіпорындар заманауи жабдықпен қамтылып, жұмысшылар үшін барлық жағдай жасалған.

Жиырма сегіз жылда «қара алтынды» өндіру көлемі үш еседен астамға ұлғайды. Былтыр Қазақстанда 90 миллион тонна мұнай өндірілді! Бұл рекордтық көрсеткіш!

Бүгінгі таңда еліміз мұнай өндірісі бойынша дүниежүзінде 13-ші орында тұр.

Мұнай-газ саласын аяққа тұрғызып, ілгері дамытуда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алар орны бөлек. Елбасының қажырлы еңбегі мен саяси жігерінің арқасында еңсемізді тік көтеріп, талай биікті бағындырдық. Біз мұны жоғары бағалаймыз әрі есімізден шығармаймыз.

Мұнай-газ кешені ел экономикасының қозғаушы күшіне айналып, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға өлшеусіз үлес қосты.

Осы жерде «ҚазМұнайГаздың» ұлттық оператор ретінде орны ерекше. 2002 жылы құрылған компания жүктелген стратегиялық міндеттерді ойдағыдай

орындап, алдыңғы қатардан көрініп келеді. Қазіргі таңда «ҚазМұнайГаз» 80 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр.

Қызметкерлер үшін қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайлары жасалды. Себебі, жұмысшының өмірі мен денсаулығы қашанда бірінші орында. Бұған қоса, мамандарды дамыту, олардың біліктілігін арттыру ісіне де айрықша көңіл бөлінуде.

Соның арқасында жоғары өндірістік және қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізіп отырмыз. Атап айтқанда:

Отандық үш мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту жұмыстары ойдағыдай жүзеге асты. Нәтижесінде ішкі нарықтағы жанармай сұранысы толығымен өтелді. Мұнай өнімдерінің саны да, сапасы да артуда.

Газ тасымалдау инфрақұрылымы кеңейіп, халықты көгілдір отынмен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасын тауып келеді. Елордамыз – Нұр-Сұлтан қаласын газбен қамтитын «Сарыарқа» магистральді құбырының құрылысы аяқталуда.

Оның үстіне, батыс елдерінің жанармай нарығына жол аштық. Румыниядағы қос зауытымыз қазақстандық мұнайды өңдеп, Еуропаның мемлекеттеріне жеткізіп отыр.

Өндіріс заманға қарай жаңарып, жаңғыртылуда. Кен орындары цифрлық жүйеге өтуде.

Геологиялық барлау жұмыстары қарқын алып, ресурстық базаны кеңейту шаралары жүргізілуде. Экологиялық жобалар іске асырылып жатыр.

Бүгінгі күні бәрімізді тамыры тереңге жайылған қазақстандық мұнайдың тарихы біріктіріп отыр.

Осы жетістіктердің астарында адам еңбегі, қажырлы күш, айқын мақсат пен өз жұмысына берілген жандардың ұстанымы жатыр. Бұл үлкен ұжымдық жұмыс, бірнеше мамандық иелерін бір арнаға тоғыстырған еңбек. Бұрғылаушылар мен технологтар, геологтар мен инженерлер, қаржыгерлер, экономистер және «қара алтынды» барлау мен өндіруге атсалысатын барлық маман иелері, яғни Сіздердің әрқайсыңыз саланың дамуына өз үлестеріңізді қосып келесіздер.

Әрқайсыңыз білімді әрі тәжірибелі мамансыздар. Алға қойған міндетті орындап, күрделі мәселенің шешімін дер кезінде тауып, жүктелген жауапкершілікті абыроймен атқарып келесіздер.

Адал еңбектеріңіз үшін зор алғысымды білдіремін. Қашанда биіктен көріне беріңіздер. Жұмыстарыңызға табыс, отбасыларыңызға бірлік-береке тілеймін.

Келешегіміз жарқын болып, еліміз гүлдене берсін!

**Алик АЙДАРБАЕВ,**  
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Басқарма төрағасы



## Ардагер мұнайшылар алғысын жаудыруда...

*Н.Ә.Марабаев атындағы  
«Мұнайшы» қоғамдық қоры*

Еліміздің қазіргі энергетика саласының тұғырын қалаған мыңдаған мұнайшылар үшін Қазақ мұнайының 120 жылдығы – төл мереке! Бұл мұнайшы деген мамандық иелерінің ерен еңбектеріне құрметтің мерекесі.

Бүгінгі буын кешегі ардагер мұнайшылар салып кеткен сара жолды лайықты жалғастыруда. Мұнай-газ саласы жаңа заманауи техника мен технология жетістіктерін меңгерген қуатты секторға айналды. Бүгінде отандық экономикаға серпін беріп тұрып маңызды сала десек артық айтқандық емес.

Мұнай өндірісі өсіп, еліміз гүлденіп, халықтың әл-ауқатының жақсаруына өз үлесін қосып келеді.

Егемен Қазақстанның экономикалық қуатының негізі болып табылатын 200-ден астам мұнай және газ кен орындарын ашқан аға буын мұнайшылардың еліміздің өркендеуі мен толағай табыстарына қосқан үлесі зор. Ардагер мұнайшылардың өнеге өмір жолы жастарға үлгі. Бұл бағытта бірқатар жұмыстар атқарылуда.

Елін сүйген, үш мұнайшы азамат негізін салған, 15 жыл бойына 9 мыңнан астам ар-

дагер мұнайшыны бір шаңырақтың астына біріктіре алған Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры республика ауқымында гуманитарлық шараларды дайындау және өткізу жөніндегі жұмыстарға белсене атсалысуда.

Бүгінде «Мұнайшы» қоғамдық қоры мұқтаж ардагер мұнайшыларға әлеуметтік және рухани-моральдық қолдау көрсету жөніндегі ауқымды бағдарламасын жүзеге асыруда. Біздің атқарып отырған іс-шараларды атап айтсақ, бұл – ай сайынғы атаулы материалдық көмек, мерзімді басылымдарға жазылу құнын төлеу, мерейтой иелерін құттықтау, ардагерлерге қиын жағдайда қолдау көрсету; «Қазақ мұнайының ардақтылары» атты атақты мұнайшылар жайлы кітаптар топтамасын басып шығару, Даңқ аллеяларын ашу және басқа да гуманитарлық шаралар.

Сала ардагерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешу үшін «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ және тағы бірнеше шетелдік компания «Мұнайшы» қорына үлкен қолдау көрсетіп келеді.

Қор өз қызметінде тек ұлттық мұнай компанияларымен ғана әріптестік қатынастармен



шетелмей, республикамызда мұнай операцияларын жүзеге асыратын шетелдік, жеке және біріккен кәсіпорындардың демеушілік қаражаттарын жұмылдыру бойынша зор ұйымдастыру жұмысын жүргізуде. Қазақстан мұнайының 120-жылдығында «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.», Теңізшевройл (ТШО) және тағы бірнеше шетелдік компания қорға үлкен қолдау көрсетті, ардагерлердің ол үшін алғысы зор.

2018 жылы Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры құрылтайшыларының «Самұрық-Қазына» АҚ өтініші бойынша «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры «Аға ұрпақтан – жаңа ұрпаққа» жобасын жүзеге асыруға демеушілік көмек көрсетті. Аталған жоба көмекке мұқтаж және жалғыз басты ардагер мұнайшыларға, ҰОС ардагерлеріне, өндіріс мүгедектеріне қайырымдылық көмек көрсетуге және бірқатар шараны өткізуге бағытталған.

Осы жобаның шеңберінде Қордың сайты модернизациялау жұмыстары жүргізіліп, интернет-магазин функционалына ие электронды кітапхана жасалды, себебі қордың шығарған барлық кітаптары тарихи,

библиографиялық және анықтамалық материал ретінде ерекше құндылыққа ие болып, республикамыздың мұнай-газ өнеркәсібінің даму тарихын зерттеушілер үшін таптырмас көмекші құрал болып табылады.

Қордың негізін қалаушы және тұңғыш атқарушы директоры, мемлекет және қоғам қайраткері, атақты бұрғышы Нәсіпқали Әбуғалиұлы Марабаевтың есімі берілген гуманитарлық салалық «Мұнайшы» қоғамдық қорының алға қойған мақсаттары әлі де көп, қор мұнай-газ саласы ардагерлерінің сіңірген еңбегіне лайықты баға беріп, мұнайшы кәсібін ұлықтау үшін аянбай еңбек етуге дайын.

Біз барлық отандық және шетелдік компанияларды қоғам алдындағы және көмекке мұқтаж ардагер мұнайшылардың алдындағы өз әлеуметтік жауапкершілігін орындау мақсатында бізбен ынтымақтасып, күш біріктіруге шақырамыз. Біздің бір-бірімізге тигізер пайдамыз көп болатынына сенімдіміз.

Осы мақала аясында барлық мұнайшы ардагерлерді және сала қызметкерлерін кәсіби мереке және Қазақ мұнайының 120 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз! **NI**



## Еңбек екпіні еселене түсуде

*Аймаң ЕСБОСЫН*

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы дүние жүзіндегі ірі мұнай өндіретін елдердің біріне айналды. Еліміздегі мұнайгаз саласының қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін өз инфрақұрылымы бар. Сондай инфрақұрылым сервисін көрсететін, қызметін Маңғыстауда алғашқы мұнараларды құрастырудан бастап, мұнай кен орындарын жайластырумен айналысып келе жатқан біздің компанияның тарихы Қазақстан мұнайы шежіресімен бірге өрілді.

Қазақстан мұнай тарихының 120 жылдығы, Қаламқас кен орнының 40 жылдығы – осы мерейлі мерекелерді «Oil Construction Company» ЖШС ұжымы жақсы жетістіктермен қарсы алуда.

Сонау Жетібайда алғашқы мұнай бұрқағы атқылаған күннен бастап және ірі өндіріс ошағы – Бозашы түбегінің солтүстік еңісінде Қаламқас кен орны ашылғаннан бері кен орындарда инфрақұрылым құрылысы саласында ерлікпен пара-пар қызмет етіп келе жатқан компания жұмыскерлерінің мерейі қашанда үстем.

Серіктестік кен орындарындағы инфрақұрылым құрылысында ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне негізделген жаңа технологияларды, алдыңғы қатарлы әдіс-тәсілдерді белсенді қолданып, мұнай-газ-су құбырларын тарту, мұнай өндіретін теңселме-білдек орнатудың технологиялық үдерісін толықтай атқару, күрделі құрылыс салу және жөндеу сияқты мұнай өндірісінің ырғақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстардың барлығын қамтып отыр.

Тек биылғы жылдың 7 айында Қаламқас және Жетібай кен орындарында «Oil Construction Company» серіктестігі инфрақұрылым

құрылысы процесінің толық технологиялық циклын орындай отырып, 117 ұңғыманы жайластыру, 10 газ өндіру ұңғымасын жайластыру, МБДЦ сыртқы электрмен қамту жүйесін және № 2, 3 асханаларды қайта құрылмалау, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік бірлестігінде күрделі жөндеу және арналған жалпы көлемі 113,8 мың м3 бұрғылау алаңына құм төгу, бұрғылау қондырғыларына арналған 36 алаңды жайластыру сияқты күрделі құрылыс нысандарын салып, пайдалануға берді.

135 км шыныпластик, болат құбырларларды күрделі жөндеу және ауыстыру жұмыстары жүрді. 122 ұңғыма күрделі жөндеуден өтті. 39 мұнайкәсіпшілік жабдығы ауыстырылды. Мұнай өндірудің технологиялық үдерістеріне байланысты жалпықұрылыс сипатындағы 82 нысан салынды. 202 нысанда мұнайгаз жабдығын сырлау жұмыстары жүргізілді және тағы басқа құм төгу, кәсіпшілік ішіндегі автомобиль жолдарын жөндеу сияқты жұмыстар уақтылы атқарылып, жоспарлы түрде пайдалануға тапсырылды.

Өзен кен орнында ҚМГ жүйесіндегі мердігер компаниялар арасында алғашқы рет қойнауқат суын дайындауға арналған сымдылығы 20000 м3 екі тік болат сұйыққойма құрылысын аяқтады. Сұйыққоймалар құрылысында жаңа технология қолданылды: домкрат тіреу қолданып «өсіру» әдісімен, яғни сұйыққойма жерде ең жоғарғы секциядан бастап жиналады, содан кейін оны келесі секцияның биіктігіне көтеріп, екеуін бір-біріне жалғайды. Осындай жұмыс циклында ғимараттың жобалық биіктігіне жеткенге дейін қайталанатын.

Ақтау қаласында орналасқан Қазақ мұнай-газ ғылыми зерттеу, жобалау институтының әкімшілік-өндірістік кешенінің құрылысы аяқталды және керн қоймасы бар зертханалық корпусының құрылысы салынып, іске қосылды.



2019 жылдың бірінші жартыжылдығында құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша өндірістік жоспар асыра орындалып, компания жартыжылдықты таза пайдамен аяқтады.

Компанияның жетістіктері – қызмет жетекшісі және әр жұмыскердің күш-жігері мен қажырлы еңбегінің нәтижесі. Компания білікті мамандарымен қуатты. Компания жұмыскерлері мұнай өндірісіндегі маңызды нысандар құрылысында жүктелген міндеттерін мүлтіксіз орындап, қажырлы еңбек үлгісін көрсетіп келеді.

Кәсіпорынның алға қойған мақсаттарына сай техникалық жұмысшы кәсіптерімен айналысатын жұмыскерлердің біліктілігін арттыру мақсатында электрғазбен пісірушілер «International Safety Standard» ЖШС курстарында білімдерін шыңдайды. Қауіпсіздік техникасын сақтауды және еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында ең жаңа техни-

ка мен жарақтар сатып алынған. Жұмыскерлер қазір Lincoln Electric «Vantage-500» пісіру агрегаттарында, ESAB «Warrior-500» пісіру аппараттарында жұмыс істейді, бұл жұмыстарды әлемдік стандарттарға сәйкес орындауға мүмкіндік берді.

Компания 2018 жылы 365 күн ішінде бірде-бір рет еңбек қауіпсіздігі ережелерін бұзбай, «нөлдік» көрсеткішке кол жеткізгені үшін «Қауіпсіздік техникасын сақтаудағы үздік кәсіпорын» сертификатымен марапатталды.

Қазақстан мұнай-газ саласында инфрақұрылым құрылысымен айналысатын, ерлік еңбегімен елге танылған компанияның межелі деңгейден түспей, жұмылған жұдырықтай ынтымақтастық, түсіністік пен іскери серіктестік жағдайындағы тұрақты өсу мен қарқынды даму жолында ерлік еңбек дәстүрін үзбей, еселей жалғастыра береді деген сенім мол. **NI**

## Жаңаөзеннің қара алтыны

Қазақ мұнайының 120 жылдығы, «Өзенмұнайгаз» компаниясының 55 жылдығы және Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай бір топ журналист киелі мекен – Маңғыстау жеріне ат басын бұрды. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бірден «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнай кәсіпшіліктеріне жол тартты. Қонақтарды кәсіпорын бас директоры Есен Өтеев Жаңаөзен қаласындағы өндірістік блок ғимаратында қарсы алып, компанияның қазіргі жағдайын баяндады. Ол Өзен және Қарамандыбас кен орындарының ескіруіне байланысты қазіргі уақытта «қара алтынды» өндіру ісі қиындай түскенін атап өтті. Дегенмен, мұндағы дәлелденген мұнай қорының көлемі 120 млн тоннаны құрайды екен. Бұл жаңа тәсілдерді қолдануды, озық технологиялар мен қызметкерлерді дамытуды қажет етеді.

– Қазіргі уақытта компания мұнай өндіру деңгейін қалыпты жағдайда сақтау және ұңғымалардың жұмысын оңтайландыру үшін сынақтан өтіп, тиімділігін дәлелдей білген тәсілдерді қолданып келеді. Мысал ретінде жер қабатын сумен айыру әдісін келтіруге болады. Соның нәтижесінде жыл сайын 200 мың тоннадан астам қосымша өндіру көлемі қамтамасыз етіліп келеді. Сонымен қатар, «Өзенмұнайгаз» кен орындарында тігінен және көлденең ұңғымаларда көп деңгейлі қабаттарды сумен айыру жөніндегі жұмыстар ойдағыдай жүргізілуде. Біз мұнымен тоқтамаймыз. Өндірісті қарқындату үшін барлық мүмкіндікті пайдаланамыз, – деді Есен Оғланұлы.

Тілшілердің сапары қалада орналасқан «№1 ұңғымадан» басталды. Дәл осы ұңғымадан Өзен кәсіпшілігінің жұмысы бастау алған еді. Бүгінде оның жұмысы тоқтатылып, көпшілікке ашық аспан астындағы мұражай жәдігері ретінде көрсетіледі. Оның жанында Жаңаөзеннің тұңғыш мұнайшыларының есімдері жазылған тақта орнатылған. Сапар барысында баспасөз өкілдері сала майталманы, Өзен кен орнының алғашқы бұрғышысы Болатбай Қарамұрзаевпен кездесті. Болатбай аға еңбек жолына 20 жасында қадам басты. Бұрғышының көмекшісі кәсібін игеріп, осы кен орынға бүкіл саналы ғұмырын арнаған жан. Ол мұнайшы әулетінің отағасы – баласы әкесінің ізін қуып, оның ісін табысты жалғастырып келеді. Еңбек ардагері өз әріптестерін мақтанышпен еске алып, өзен мұнайының көзін ашу үшін қаншалықты адал еңбек сіңіріп, маңдай тер төккендерін баяндады:

– Қуанышымызда шек болмады, – деп есіне алды ақсақал. – Сол кездегі алғаш ойым енді өндірісті аяққа тұрғызамыз. Ол сәтке дейін нәтиже болмап еді. Осымен ештеңе шықпас, бұл жерден мұнай таппаймыз деп арасында күмәндадық. Бірақ, мұнай табылып, өңірдегі өмір жандана түсті. Жас мұнайшыларға еңбекқор болыңдар дегім келеді. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарнын тіленбей» демекші, адал еңбек еткен адам қашанда биіктен көрінеді.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы 55 жыл ішінде 383 млн тонна мұнай өндіріпті. Бүгінгі таңда іргелі кәсіпорын тәулігіне 15,5 мың тонна өндіріп, жыл сайынғы өндіру көлемін 5,5 млн тонна деңгейінде ұстап тұр. Компания өңірдегі мұнай өндірудің шамамен 35 пайызын қамтамасыз етеді.

Журналистер жерасты жабдықтарын жөндеу және диагностикалау цехының жұмысымен танысты. Цех бірнеше жыл бұрын пайдалануға берілді. Заманауи жабдықпен жабдықталған цех жыл сайын 400 мың сораптық-компрессорлық құбырды, 300 мың сораптық бағаналарын және 10 мың тереңдік сорапты жөндеуге әрі диагностикадан өткізуге мүмкіндік береді. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде жабдықтарды жөндеуаралық кезеңі 105 күнге дейін ұзарды. Бұған дейін бұл кезең 80-ге жуық күнді құрайтын.

Биыл компания тағы бір маңызды жобаны іске асыруға кірісті. Қазір көлемі 20



мың текше метр су тұндыру қазандығының құрылысы жүріп жатыр. Қазандық мұнай-су эмульсиясын термохимиялық өңдеуден өткізуге арналған. Ол мұнайды судан ажыратады. Содан барып шикі мұнай терең тазалауға жөнелтіледі. Су жер қабатындағы қысымды сақтау үшін қайтадан жер астына жіберіледі. Жоба жер қабатына сапасы жоғары суды айдауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде су сорғы қондырғыларының жөндеуаралық кезеңін ұзартады. Өйткені, су неғұрлым лас болса, құрал-жабдық соғұрлым тез тозады.

Компанияның басты құндылығы – адами капитал. «Өзенмұнайгаз» жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын ұдайы жақсартып отыруға ерекше көңіл бөледі. Бірнеше жылдан бері жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық

жағдайын жақсарту бағдарламасы табысты іске асырылып келеді. Қазіргі уақытқа дейін 42 шаруашылық-тұрмыстық және әкімшілік-тұрмыстық кешен салынды. Барлық топтық қондырғыларда қызметкерлер жуынатын, киім ауыстыратын және демалатын арнайы бөлмелер бар. Жұмысшыларды сапалы тағаммен қамтамасыз ету үшін 15 тамақтану нысаны ашылды. Ал, жерасты жөндеу жұмыстарымен айналысатындарға ыстық тамақ ұңғыманың жанына дейін жеткізіліп береді.

«Өзенмұнайгаздағы» ұжымдық шартқа жеке тоқталып кету керек. Құжатқа сәйкес жұмысшылар Қазақстан және ТМД елдерінің шипажайларында денсаулығын түзей алады. Бұған қоса компания қызметкерлері «Кендірлі» курорттық аймағында орналасқан сауықтыру-оңалту орталығында демалады. Жыл сайын 4 500-ге жуық бала сауықтыру лагерлеріне аттанады.

Қауіпсіз өндіріс үшін барлық жағдай жасалуда – кәсіпорында қабылданған бағдарламалар ықтимал қауіп-қатерлерді барынша азайтуға бағытталған. Компания осы жылды «Еңбекті қорғау жылы» деп жариялады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзендегі жалғыз қала құраушы кәсіпорын. Сондықтан компания өзінің әлеуметтік жауапкершілігін түсіне отырып, қала тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып келеді. Келісімшарттық міндеттемелер аясында кәсіпорын Жаңаөзен қаласы мен Қарақия ауданының әлеуметтік инфрақұрылымын жақсартуға жыл сайын 900 млн теңге бөліп отырады. Компания қаржысына спорт нысандары, мәдениет үйлері мен балабақшалар тұрғызылды. Бұған қоса, Жаңаөзеннің мектептері соңғы үлгідегі компьютер сыныптарымен жабдықталды, қала аумағында 10 спорт және 2 әмбебап ойын алаңы салынды. **М**



## Еңбекқор жан – Гүлнәр Қошбаева

Гүлсім МҰРЫНОВА

Бір ұжымда 32 жыл табан аудармастан қызмет ету, өзінің бүкіл жастығы мен жақсы күндерін, шығармашылық потенциалы мен энергиясын сол ұжымға арнап, мекеме құрылған алғашқы күндерінен бүгінге дейін көтерілген сатысымен бірге өрлеу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Біз «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының №1МГӨБ скважиналарды жерасты жөндеу цехының үйлестірушісі Гүлнәр Қошбаева туралы айтқымыз келеді. Жаңаөзеннің төл баласы осында туып, осы жерде өсіп, өніп келеді.

Гүлнәр бүгінде еңсели 55 жасын қарсы алып, өзінің сүйікті ұжымында бедел биігінің ұшар шыңынан қарап отырған жайы бар. 1981 жылы Т.Әлиев атындағы №1 мектепті үздік тәмамдаған соң, арман қуып, Алатаудың баурайындағы әсем қала Алматыға аттанады. Әкесі оның

Алматыға кеткенін, мұнайшы болғысы келетінін қаламайды. «Дәрігер болсаңшы» деген әке тілегінен өзіндік ішкі алып арманын биік қойып, әрі жүрек соғысына да құлақ түріп, мұнайшы болуға бел байлайды. Бағына қарай жолы болып қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы Политехникалық университеттің (бұрынғы Ленин атындағы КазПТИ) «Мұнай және газ кен орындарын өңдеу және пайдалану» факультетіне оқуға түсіп, «тау инженері» мамандығы бойынша бітіреді. Оқуды бітірген соң бір қыздың анасы атанып, туған жерге отбасылы болып оралады.

– Тұңғыш қызымды босанған соң денсаулық жағдайыма байланысты оқуды бір жыл кейін бітірдім. Оқуды тәмамдаған соң Үкімет жұмысқа қабылдап, қызметтік пәтер берді. Бұрын жас мамандарға жақсы жағдай жасалатын. Содан бері мұнай саласында істеп жүргеніме 32 жыл. 90-шы жылдан бері скважиналарды жерасты жабдықтарын жөндеу

цехындамын. Арасында геолог болып та жұмыс істедім. Мұнайшы болғаным еш өкінбеймін. Кәсібімді сүйемін, – дейді Гүлнәр Майлыбайқызы.

Гүлнәр Қошбаеваны әріптестері «еркек әйел» деп атайтын көрінеді. 32 жылдан бері осы мекемеде бел шешпей еңбек етіп келе жатқан Қошбаева бір қарағанда мінезі тік, сөзі ірі, анау-мынауға көнбейтін кердеңдеу көрінгенмен, сол тік мінездің астарында туралықты, әділдікті, адалдықты алдаспандай көретін адалдық жатады.

### Еңбек жолы

1981 жылы алғаш еңбек жолын зерттеу операторы болып бастап, одан кейін өндірістік бөлімде техник, кейіннен шеберхана экономисі, 1999-2001 жылдары инженер-геолог қызметтерін атқарды.

«Мен дүниеге келген жылы осы компания құрылған. Өзімнің «Өзеніме» толағай табыс,



өнімді өндіріс тілеймін» деп ақжарма тілегін арнады. 55 жас, біреуге аз, біреуге көп, біздің бір білеріміз, бір мекемеде табаны күректей жылдар бойы еңбек сіңірген Гүлнәр Қошбаева іспетті мамандардың еңбегі келешек ұрпаққа өнеге. **М**



ФОТОМОНТАЖ

## Қазақ мұнайының тарихы

**Биыл – Қазақ мұнайының 120 жылдығы. Бүгін қазақстандық мұнайшылар мұнайгаз саласының қалыптасуы мен даму тарихын мақтанышпен еске алады: ғасырдан астам уақыт ішінде мұнайгаз кешені ел экономикасының көшбасшысына айналып, халықтың игілігі жолында талай биіктерді бағындырды. Мұнай мен газ халқымыздың ең басты байлығына айналды. Бұл сала еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырғанын да астын сызып айту – парыз. Елімізде қазіргі таңда үш жүзден астам мұнайгаз конденсатын өндіретін кеніш бар. Аталмыш сектор шетелдік инвесторлар үшін қаржы құюдың ең тартымды нысанына айналып отыр.**

*Шархан ҚАЗЫҒҰЛ*

Қазақ мұнайының тарихы 1899 жылдың қарашасында Қарашүңгіл шатқалында 40 метр тереңдіктен атқылаған мұнай фонтанынан бастау алды. Өнеркәсіптік революция көшпенділердің өмірін өзгертіп, жаңа кәсіпті игеруде мұнайшы әулеттер пайда болды. Балғымбаев, Марабаев, Шырдабаев әулеттерінің саладағы жұмыс өтілі қазір мың жылдан асып кетті! Қазақ жеріндегі алғашқы мұнай ұңғымасы ағайынды Нобельдердің атымен байланысты. Сіздің есіңізге Нобель сыйлығы түскен болар. Бұл тектен-тек емес. Дәл осы әулеттің мүшесі кейіннен осы қомақты да беделді сыйлықты тағайындауымен тарихта қалды.

**1911** жылы Доссор кен орны ашылды. 29 сәуір күні 225-266 м тереңдікте орта Юра шөгінділерін ашқан ұңғымадағы Доссорда мұнайдың қуатты бұрқағы алынды (ұңғыма 30 сағат ішінде атқылап, 16,7 мың пұт мұнай берді). Қазақстанның бірінші мұнай құбыры (Доссор-Ракуши-Каспий) да осы жылы салынды. Оның ұзындығы 154 шақырым еді.

**1914** жылы Қазақстанда мұнай өндірісі рекордты 200 000 тоннадан асты.

**1915** жылы ең үлкен Мақат кен орнын сынақтан өткізу басталды.

**1926** жылы Ембіде бұрғылау және геофизикалық барлау әдістері қолданыла бастады. Доссор мұнайы тасымалданатын Гурьев-Доссор теміржолы іске қосылды. «Ембімұнай» тресінің кен орындары терең сорғылар мен компрессорлар арқылы мұнай өндірісіне көшті. Сонымен қатар, табиғи газ жылу қазандықтары мен тұрмыстық қажеттіліктер үшін қолданыла бастады.

Отызыншы жылдардан барлау жұмыстары көптеп жүргізілді. Мұнайшылар арасында стахановтық қозғалыс кең өріс алды. Алғашқы инженерлер толқынымен келген дипломды маман Сафи Өтебаев қазақстандық мұнайдың

бастауында болып, сала менеджерлерінің тұтас бір буынын тәрбиелеп шығарды. Қазақ таукен-металлургиялық институты мен Гурьев мұнай техникумы сол кездері кадрлар ұстаханасына айналды.

**1930** жылы Ақтөбе облысының кен орындарын игеру басталды. Осы жылдары экономикалық маңызы зор Доссор-Гурьев және Каспий-Орск мұнай құбыры салынды.

**1940** жылы мұнай өндіру 750 мың тоннаға жетті.

**1945** жылы қазақстандық кеншілер КСРО-да алғаш рет мұнай өндірудің қайталама әдісін игерді. Сағыз, Жақсымбай, Комсомольское, Қошқар, Тентексор кен орындары игеріле басталды. Мұнайлы, Бекбике және Қаратон пайдалануға берілді. Қазақстанда мұнай өндірудің артуымен мұнай өңдеуге де зор көңіл бөліне бастады. Ең алғашқы мұнай өңдеу зауыты Гурьевте 1945 жылы іске қосылды.

**1950** жылы Қазақстанда мұнай өндіру жылына 1 млн тоннаға жетті. Сонымен бірге мұнайшылар Маңғыстау түбегі мен оның бай мұнай кен орындарын белсенді игере бастады.

**60-шы** жылдары бұрылмалы бұрғылаудың орнына жылдам турбиналық бұрғылау енгізіле бастады, бұрғылау қондырғылары паркi ұлғайды, олардың техникалық мүмкіндіктері едәуір артты, бұл 3-4 мың метрге дейінгі тереңдікті игеруге мүмкіндік берді.

**1961** жылы алғашқы Маңғыстау мұнайы Жетібай кен орнының №6 ұңғымасында алынды. Өзен кен орны ашылды.

**1968-1970** жылдары әлемдегі алғашқы бірегей трансконтиненталды Өзен-Атырау-Самара мұнай құбыры салынды. Оның ұзындығы 1500 шақырымды құрады. Маңғыстаудың жоғары тұтқырлықтағы парафинді майы (+30) – (+35)°С температурада қатып қалатын болғандықтан оны тасымалдау кезінде ілеспе жылытуға байланысты инженерлік және ғылыми міндет алға қойылды.

**1974** жылы Қаражанбас кен орны ашыл-

ды. Маңғыстаудағы мұнай өндіру жылына рекордтық 21 млн. тоннаға жетті! Бұл Қазақстанды мұнай өндіру жөнінен КСРО-да екінші орынға шығарды.

**1979** жылы Қазақстандағы ең ірі кен орындары Теңіз бен Қарашығанақ кеніштері ашылды. Олардағы мұнайдың геологиялық қоры тиісінше 3,6 млрд және 1 млрд 200 млн тонна екені анықталды. Осы жылдары Қазақстандағы екінші Павлодар мұнай өңдеу зауыты салына бастады.

**80-ші** жылдары Қызылорда облысында Құмкөл кеніші ашылды. 1984 жылы Шымкент мұнай өңдеу зауытының іске қосылуы ішкі рынокты жанар-жағар маймен толық қамтамасыз етуге жол ашты.

**1991** жылдың аяғында республиканың мемлекеттік басқару құрылымындағы жалпы өзгерістермен қатар, Қазақстанның энергетикалық секторын басқарудағы өзгерістер болды. Сала ҚР Энергетика және электрлендіру министрлігінің және ҚР Геология және қазба байлықты қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің қарауына кірді. Тәуелсіздікке жеткен Қазақстан мұнайгаз саласын одан әрі дамыту жолында шетелдік инвестиция тарту жұмыстарын бастады.

**1992** жылы Теңіз кен орнынан Қара теңіз портына мұнай тасымалдау үшін Новороссийскіде Қазақстан, Ресей және Оман Каспий құбыр желісі консорциумын (КҚК) құрды.

Осы жылы Қазақстан мен Агір (Италия) және British Gas (Ұлыбритания) арасында Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнын игеру туралы келісімге қол қойылды.

**1993** жылы 4 ақпанда республиканың мұнай-газ саласындағы алғашқы бірлескен кәсіпорын – «ҚазақТүрікМұнай» бірлескен кәсіпорны құрылды.

Наурызда Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге бағытталған «Қазақстан-КаспийШельф» компаниясы (ҚКШ) құрылды.

6 сәуірде Қазақстан үкіметі американдық «Шеврон» компаниясымен «ғасыр келісімшарты» деп аталатын 40 жылға келісімге қол қойды.

3 желтоқсанда Каспийдің қазақстандық қайраңында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін халықаралық консорциум құру туралы келісімге қол қойылды. Жеті шетелдік компаниядан тұратын консорциум (Agip, British Petroleum, Statoil, British Gas, Mobile, Total, Shell) және осы жобада оператор ретінде жұмыс істейтін «ҚазақстанКаспийШельф» аймақтың мұнай әлеуетін геологиялық зерттеу туралы үш жылдық келісімге қол қойды.

Неміс капиталының қатысуымен республикадағы ірі кәсіпорын «ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорны құрылды.

**1995** жылы наурызда Қарашығанақ кен орнында өндірісті бөлу туралы келісімге қол қойылды, оған «Қазақгаз» және «Аджип» (Италия), «Бритиш Газ» (Ұлыбритания) және «Газпром» (Ресей) қатысты.

28 шілдеде Қазақстан Республикасы Президентінің «Мұнай туралы» Заң күші бар Жарлығы қабылданды. Заңның негізгі мақсаттарының бірі - республиканың мұнай-газ ресурстарын дамытуға шетелдік инвестицияларды тартуға көмектесу.

**1996** жылы сәуірде Қазақстан, Ресей, Оман және халықаралық мұнай компанияларының Консорциумы арасында Теңіз-Тихорецк-Новороссийск (КҚК құбыры) бойымен өткізу қабілеті 67 млн тонна мұнай құбырын салу туралы келісімге қол қойылды.

9 шілдеде Каспий маңы елдерінің ынтымақтастық қағидаттары туралы келісімге қол қойылды.

Грузия арқылы өтетін Баку-Батуми-Супса мұнай құбырын салу туралы келісімге қол қойылды. Осылайша Каспий мұнайының бір бөлігін Украинаға және одан әрі Еуропаға экспорттау ойластырылды.

**1997** жылы 4 наурызда Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі таратылды және «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы құрылып, оған Қазақстанның атынан ірі мұнай-газ жобаларына және осы саладағы кәсіпорындарға қатысуға барлық құқықты берді.

2 сәуірде «ҚазТрансОйл» ұлттық мұнай тасымалдау компаниясы құрылды. 1997 жылы республиканың мұнай-газ секторындағы кәсіпорындарды жекешелендіру басталды. 1997 жылы маусымда алғашқы сатылымдар «Ақтөбемұнайгаз» АҚ-тың (60%) Қытай ұлттық мұнай компаниясына (CNPC) бақылау пакеті болды.

18 қарашада Вашингтонда Президент Н.Назарбаевтың сапары кезінде Қарашығанақ мұнай және газ конденсаты кен орнында өнімді бөлу туралы қорытынды келісімге қол қойылды. Арнайы құрылған «Қарашығанақ интеграцияланған ұйымы» (КЮ, Karachaganak Petroleum Operating) құрамына итальяндық Agip (32,5%), британдық «Бриташ Газ» (32,5%), американдық «Тексако» (20%) және ресейлік «ЛУКОЙЛ» (15%) кірді.

18 қарашада Аджип, British Gas, British Petroleum және Statoil, Mobile, Shell, Total



ФОТОМОНТАЖ



## «Қаражанбас» кен орнына – 45 жыл!

**Биыл қазақ мұнайының 120 жылдығымен бірге Қаражанбас кен орнының ашылғанына 45 жыл толып отыр. 1974 жылы 22 қаңтарда Қаражанбас кен орнында алғаш рет мұнай фонтаны атқылап, содан бері өндіріс аумағы уақытпен бірге өркендеп, көлемі артып келеді.**

Бұл күн Бозашы мұнайлы аймағының Қаражанбас кен орнынан мұнай фонтанының атқылаған сәті Маңғыстау тарихында мәңгілікке жазылып қалды.

Қаражанбас кен орнын ашқан барлаушы геолог Әділ Нұрманов, бұрғышы Санақ Таянов, Хален Амандәулетов, Төрбай Сейітов, Өтеш Тәжекенов, Виктор Семутин, Виктор Ушаков, Алексей Игнатъев, Владимир Червяков, Петр Петухов сынды экспедиция мүшелерінің атқарған еңбегі орасан зор. Олар бұрғылаған кен орны қазіргі таңда жылына 2 миллион тоннадан астам мұнай өндіріп отырған алып кенішке айналды.



**Әділ НҰРМАНОВ, ардагер геолог:**

Өткен ғасырдың орта тұсында Маңғыстау облысынан мұнай фонтандарының атқылауы тек Қазақстан, Кеңес Одағының ғана емес, аты шетелге дейін жетіп, олардың қызығушылығын тудыра бастады. Соның арқасында Маңғыстауда бірнеше кен орнында барлау жұмыстары тұрақты жүргізіліп, нәтижесінде мұнай көздері табылды. 1950-60

жылдары Маңғыстау түбегі ақ қағаздай белгісіз жер еді. Ара-тұра келіп-кеткен геологтардың аз-маз барлау жұмыстары жүргені болмаса, көп нәрсе беймәлім-тұғын.

Мен барлаушы геолог ретінде өңірдегі алаңдарға шығып іздеу жұмыстарына қатыстым. Бізге белгілі бір-екі жер ғана болды. Оның өзін XIX ғасырда саяхатшылар анықтаған мұнай сіңген тастар арқылы білетін. Мұнайдың көзі нақты қай жерде екенін ешкім білмеді. Біз сол жағдайларды анықтаумен айналысып жаттық. Өзен мен Жетібай кен орындары ашылғаннан кейін Маңғыстауда біраз жылға дейін жаңадан кен орындары табылмады. Ол уақытта академиктер тарапынан Бозашыға перспективасыз деп баға берілуіне байланысты әскери құрылымның қарауында болды.

Бозашының «перспективасы жоқ» дегеніне қарамастан, зерттеуге рұқсат сұрай бастадық. Себебі, онда әскери бекет тұрғандықтан ішке бөтен адамды аттап бастырмайтын. Біз сол кезде Бозашыны аралап шығу үшін рұқсат сұрап, жиі хат жаздық. Оны шешуге жергілікті аудандық атқару комитетінің қауқары жетпеді. Әскери мекеме болғандықтан тікелей орталыққа бағынатын. 1972 жылы аралауға рұқсат алдық. Орталық жақ бізге рұқсат берген соң бер жағындағы Долгийден (Каспийдің шығысындағы арал) барлау жұмыстарын бастап кеттік. 1973 жылы Қаражанбастан бір скважина қазуға рұқсат алдық. Оны қазу үшін Бұрғылау шебері Санақ Таяновты топографмен ертіп жібердім.

1974 жылы 26 қаңтарда түнде оқыстан хабар келді. «Қаражанбастан фонтан атып кетті» деп жігіттер сүйінші сұрай келді. «Бөтелкеге құйып әкелдіңдер ме?» десем, «ұмытып кетіппіз» дейді. Түсін, түрін сұрап жатырмын. Мүмкін су шығар деймін күдіктеніп. Содан жан-жаққа хабар беріп, ертеңінде 27 қаңтар күні түсте жолға шығып кеттік. Қыс ортасы болғандықтан далада қалың қар бар еді. Үш машинамен Қаражанбасқа барсақ, 12-ші скважинаның маңайы мұнайдан «көлге» айналыпты. Мұнай бұрқылдап атып жатыр екен. Қуанышымызда шек жоқ. Бұрғылау жұмыстарын бастағанда бірден «Мұнай ата қояды» деген ой болған жоқ. Қуысты бекітетін қақпақшасын (заглушка) жауып қойған екен. Мұнай амбарға барғанымен ол асып кетіп, далаға төгіліп жатыр. Жарты айдай жүріп, алғашқы фонтанды бағындырдық. Бағындыру үшін құбыр жіберіп, жауып тастадық. Бұл туралы 1974 жылдың ақпан айында Кеңес Одағының «Мұнай-газ геологиясы» журналының №5 санында «Қаражанбастан мұнай фонтаны атқылады» деген мақала жарық көрді.

Қаражанбастан сөйтіп алаң емес, аймақ ашылды. Қасынан тағы да қазу жұмыстарын жалғастыра бастадық. Арада бір жыл өткенде Терістік Бозашыда барлау жұмыстары басталып, кен орны 1975 жылы маусым айында ашылды. 1976 жылы Қаламқас кен орны өз жұмысын бастады. Әрқайсысынан 1 млн. тоннадан кем түспейтін мұнай көлемін есептеп шығарып, орталыққа тапсырдық. Сөйтіп, барлау жұмыстары басталған кен орындары бүгінде Қазақстанның негізгі мұнай өндірісінің біріне айналды...

**Базарбай ӘБДІРАХМАНОВ,**  
ардагер мұнайшы:

Қаражанбас кен орнымен студент кезімнен таныспын. Маңғыстаудағы Бозашы түбегінде жаңа кен орны ашылғаны туралы Алматыда оқып жүргенімізде хабардар болып, студенттер арасында кең талқылау болды. Бізге сабақ берген оқытушылар Маңғыстаудағы кен орындарын игеруге қатысқан Георгий Медоев сынды профессорлар еді. Қ.Сәтбаев атындағы университеттің іргетасын қалап, Қазақстандағы қазбай байлықтарын зерттеген жандар. Мұнай атқылағаннан кейін студенттер алдында маңызды мәселелер қойып, Қаражанбастан қою мұнай шығып жатқандығын хабарлады. Ол уақыттары КСРО бойынша қою мұнай жоқ еді. Эксперимент ретінде оны өндіріп көру керек болды. Екінші мәселе, қою мұнай қалай пайда болды? Мұнайдың құрамы неге қою? Құрамынан не алуға болады? Бұл мұнайдың құрамында өзге кен орындарындағы мұнаймен салыстырғанда микроэлементтер көп болды. Тоннасына 400 грамға дейін микроэлементтер көп



болды. Тау жынысын езіп, оның құрамынан микроэлементтерді алудан гөрі Қаражанбас мұнайынан алу жеңіл әрі тиімді болды. Жүз есе арзанға түседі.

Оқу бітірген соң жолдамамен Маңғыстауға келдім. КазНИПИ-де жүргенде 1977 жылы кен орнының жобасын жасауға қабатаралық қысым сақтауға кететін суды қайдан алуға болады, соны реттеудің проблемалары бойынша іздену жұмыстарын жүргіздік. Ол кезде Қаражанбас мидай дала еді. Елу жылда ел жаңа дейді. Қырық бес жылда Қаражанбас үлкен мұнай өндірісіне айналып үлгерді.



**Оңғарбай ҚАБЫЛОВ,**  
«Қаражанбасмұнай» АҚ Өндірістік басқарма директоры:

1974 жылдың қаңтар айы «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін тарихи күн. 22 қаңтарда Бозашы маңында алғашқы мұнай фонтанының атқылауы еліміздегі көптен күткен мұнай кеніштерінің ашылуымен жалғасын тапты. Содан бері Қаражанбас кен орны елімізде іргелі өндірістік мекемеге, қара алтын өндіруде өзіндік орны бар компанияға айналды. Содан бері аттай сырғып өткен 45 жылдың әр күні қайталанбас тарихи маңызға ие. Бүгінде ел экономикасына сүбелі үлес қосып отырған «Қаражанбасмұнай» АҚ алғашқы іргетасын қалаған Әділ Нұрманов, Санақ Таянов сынды қазына қарттарымызды келер ұрпақ ешқашан ұмытпайды. Олар салған жол бүгінде үлкен даңғылға айналды десек, артық айтқанымыз емес.

Қырық бес жыл аз уақыт емес. Сондықтан, өндіріс жұмысында жетістіктеріміз көп болғай. **М**

## К ЧС ГОТОВЫ!



Ликвидировать утечку газа, освободить из-под завалов пострадавших, потушить пожар на технологической установке – нет, это не описание нового блокбастера. Именно так проходят пожарно-тактические учения сотрудников АО «Эмба мұнайгаз». 15 августа в Западном филиале ТОО «Семсер Өрт сөндіруші» состоялись очередные учебно-тренировочные занятия по проведению спасательных работ и ликвидации аварий, а также тушению пожаров.

Специалисты пожарной аварийно-спасательной части по охране объекта «Цех подготовки газа и получения серы» НГДУ «Жылой мұнайгаз» АО «Эмба мұнайгаз» показали выучку и навыки владения пожарной и спасательной техникой.

Занятия состояли из 5 этапов, в ходе которых спасатели продемонстрировали возможности по спасению пострадавшего из замкнутого пространства, его эвакуации с высоты 10 метров, освобождению из-под завала, а также оказанию первой доврачебной помощи. В ходе спасательной операции применялось современное аварийно – спасательное снаряжение и оборудование.

Кроме того, отличные навыки показали пожарные при тушении разлива нефтепродуктов и возгорании автомашины, а также действия при тушении пожара на открытой технологической установке и ликвидации утечки газа. Здесь также не обошлось без спасения пострадавших, получивших отравление, и оказания первой доврачебной помощи.

Пожарно-тактические учения проходили при содействии руководства и сотрудников учебно-тренировочного полигона специализированной пожарной части №1 государственного учреждения «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Атырауской области. Для оценки действий спасателей и пожарных, а также наглядной демонстрации их навыков и умений были приглашены представители компаний АО НК «КазМұнайГаз», АО «Эмба мұнайгаз», АО «Казтрансойл» и АО «Озенмұнайгаз». Комиссия и зрители отметили, что все действия сотрудников ТОО «Семсер-Өрт сөндіруші» были оперативными и слаженными. **М**



## Мерейтой қарсаңындағы игілікті шаралар

Мәулен МҰХАМБЕТАЛИЕВ

Биыл қазақтың қазынасына айналған қара жер қойнауындағы «қара алтынның» бұрқағы бұрқ етіп алғаш атқылаған сәтіне тура 120 жыл толады. Осынау мерейлі мерекенің Жастар жылымен тұспа-тұс келуі де бір ғажап үйлесімділік емес пе?

Осы орайда, мен де жас буын өкілі ретінде қолға қалам алып, ел ырысын еселеген еңбек жайында жазуды жөн көрдім. Қайбір қызмет турасында айтсақ та сол салада еңбек етіп жүрген жаннан артық ешкім ештеңе айта алмайды. Ендеше, қара майдың қаймағын қалқып, сұйық отынды суша сапырған сол мұнайшылардың бірі – өзім.

Жоғарыда атап өткенімдей, Елбасы жариялаған Жастар жылы аясында мұнай-газ саласындағы жас мамандарға көп көңіл бөлінуде. Сөзіміз сұйық болмас үшін айтайын, «Ембімұнайгаз» АҚ жуырда ғана «Бесікті» демалыс базасында жас мамандар эстафетасын ұйымдастырды. Сәні мен салтанаты келіскен шара жоғары деңгейде өтті. Бұған өзіміз де, өзгесі де куә болды.

Мәні мен маңызы зор эстафетаның бір мақсаты, бұл – түрлі бағытта теңдей жұмыс жасап жатқан жастардың басын біріктіру. Расымен де, «ембімұнайгаздық» еңбекшілердің еңбегі еспесіз, қызметі қауырт. Мекемеге қарасты барлық мұнай-газ өндіру

басқармаларында жалыны мен жігері жасындай жарқылдаған жастар жетерлік. Міне, соларды салауатты өмір салтын ұстануға үндеп, спортқа үгіттеу – тағылымды шараның тағы бір міндеті.

Мен мұнайшы болуды бала кезден армандағаннан болу керек, таңдауым осы мамандыққа түскен-ді. Сөйтіп, ер жетіп есейген соң арманымды іске асыруға бел будым. Осылайша, 2010 жылдан бастап қызығы мен қиындығы қатар жүретін еңбек қазанында қайнап келемін. «Білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз» демекші, үйренгенімнен гөрі үйренерім әлі көп. Қазір «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-де оператор болып еңбек етемін. Айтпақшы, «қара алтынның» қоймасы атанған Доссор кенті – кіндік қаным тамған киелі мекен.

Ал, «Ембімұнайгаз» АҚ турасында айтар болсам, мұнда өсемін, өнемін, өркендеймін, өрісімді өсіремін деген жанға барлық жағдай жасалған. Әсіресе, жастар жағы қолдан келген қолдаудан да, көмектен де кенде емес. Өз кезегінде мұнайшылардың тарапынан атқарылып жатқан игілікке толы игі істер де бар. Соның бір көрінісі, жақында қайыры мол қайырымдылық іс қолға алынды. Атап айтқанда, әр аудан орталығында көпбалалы және аз қамтылған отбасылар бар. Олар жомарт жандардың мейіріміне мұқтаж. Осыны ойға алған мұнайшылар бір күндік

жалақыларын аударды. Мұнысы теңізге тамған тамшыдай болса да, көпке көмегін тигізгені кәміл. Тарқатып айтсам, тұрғын үйге тұрмысы тартпаған сегіз жанұя баспаналы болды. Иә, Жиренше шешен айтқандай, «қайран менің өз үйім – кең сарайдай боз үйіме» не жетер дейсің, сірә?

Сол сияқты, кешегі Арыс қаласында болған апатқа да бәрі бір кісідей атсалысып, қамқорлық қанатының астына алды. Есті құлаққа ерекше әсер етер – «Айтыңдар алғыс мұнайшыларға еңбегі үшін, ертенін ойлап еліне қайрат бергені үшін. Қазақстанның болашағына сенгені үшін, өзінен артық отанын жақсы көргені үшін» деген әдемі ән сөздері қалай дәлме-дәл айтылған десеңші!

Жалпы, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары үшін жыл сайын спартакиада өткізу де игі дәстүрге айналып алған. Бұл шарадан ембiлiк мұнайшылар ешқашан тыс қалған емес. Қайта керісінше, жоғары деңгейде өнер көрсетіп, бұқаралық спорт саласын дамытуға үлес қосып келеді.

Бұдан бөлек, кәсіби бағытта да біраз жұмыстар жолға қойылған. Мәселен, ұядай ұжым қызметкерлерін бәсекеге қабілетті еңбекке ынталандыру үшін «Үздік маман» сайысы өткізіліп тұрады. Нәтижесінде, барлығы білімдерін арттыруға күш салады, теориялық біліктіліктерін толықтырады, шығармашылық әлеуетін шыңдайды. Екіншіден, бірінің



білмегенін бірі біліп жатса, тәжірибесі толықпағанда қайтпек?

Сонымен бірге, мұнда болашақ мамандармен, яғни, студенттермен де берік байланыс орнатылған. Айталық, бір студент осында келіп тәжірибеден өтті делік. Өзін жақсы жағынан таныта білген талапкер дипломын алғаннан кейін мұнда тиісті жұмысқа орналаса алады.

Міне, бұл – жуырда ұйымдастырылған игі жұмыстардың бір бөлігі ғана. Яғни, өндіріші компания тек өнім өндіруге көңіл бөлмей, әлеуметтік саланы жіті назарда ұстайды. ■

## «ҚазТрансОйл» жастарының форумы өтті

Алтынгүл МЕНДІХАН

Жуырда Ақтау қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ жас мамандарының форумы өтті. Жігерлі жас буын ұлттық мұнай тасымалдау компаниясының даму болашағын талқылап, тың идеялар ұсынып, ой-пікірлерімен бөлісті. Каспий жағасында өткен жиынға еліміздің түкпір түкпірінен – Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Құлсары, Маңғыстау, Павлодар, Шымкент мұнай құбыры басқармаларынан, Шығыс және Батыс операторлық қызметтер көрсету басқармаларынан, «Ғылыми-техникалық орталық» филиалы, «Магистралды суағызғысы» ЖШС-нен – барлығы 100 жас маман келді.

Форум аясында өткен «Болашақ бүгіннен басталады» атты конференцияға «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры Димаш Досанов қатысты. Жастар ток-шоу форматында өткен жиында компания басшысымен шектеулі ресурстар жағдайында компанияның дамуы, жұмыс процесіне цифровизация мен роботтандырудың әсері туралы мәселелерді талқылап, емін-еркін сұхбат алаңында өздерінің сұрақтарын қойды.

«Қазір ҚазТрансОйлда 32 жасқа дейінгі 1213 жас маман еңбек етеді. Компаниядағы 7 мыңға жуық адамның 18 пайызын жастар құрап отыр. Бұл – әрине көп емес, бірақ дәл осы жас мамандар – біздің болашағымыз және оларға үлкен үміт артамыз. Жастарды қолдау үшін Жол картасы әзірленді. Кешенді құжатта жастардың кәсіби дамуы, инновациялар және технологиялар, қауіпсіздік мәдениеті, патриоттық тәрбие, салауатты өмір салтын насихаттау, қайырымдылық

студенттерді қолдау сияқты жастардың дамуына ықпал ететін басым бағыттар қарастырылған», – деп атап өтті кездесуде Димаш Досанов. Оның айтуынша, бүгінгі күні компанияда кадрлық резерв саясатын жетілдіру жоспарланып отыр. Кадрлық резервке қабылдау бойынша жас бойынша шектеу қойылмайды, дегенмен таңдау кезінде болашағы зор жас мамандарға басымдылық беріледі.

Компания жас мамандардың кәсіби легін, мұнайқұбыршылардың жаңа толқынын студенттік шақтан дайындауға мән беріп отыр. Биылдан бастап Жастар жылына орай 5 жылға есептелген ауқымды жоба жүзеге асуда. Еліміз бойынша жаз бойы 400-ден астам колледж және жоғары оқу орындарының студенттері компания бөлімшелерінде өндірістік тәжірибеден өтіп жатыр. Колледж оқушыларына 70-80 мың, ал университет студенттеріне 100-120 мың теңге көлемінде шәкіртақы төленуде. Бұл да жастарға деген үлкен қамқорлық.

Конференция кезінде «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының орынбасары Орал Идырысов, «Самұрық-Қазына» АҚ трансформация жобалары портфелін басқару департаментінің директоры Мадияр Сұлтанбек, «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік университетінің атқарушы директоры Дәурен Беспалинов, «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университетінің сараптама және роботизация орталығының сарапшы-менеджері Әділ Әбдіханов сарапшы ретінде өз пікірлерімен бөлісті. «ҚазТрансОйл» Жас мамандар кеңесінің төрағасы, пайдалану департаментінің жетекші инженері Данияр

Смағұлов 2017 жылы құрылған компанияның жас мамандар кеңесінің атқарған жұмыстары мен жетістіктеріне тоқталып өтті.

«Біз де еңбек ететін жас толқын мақтан етуге тұрарлық. Өндірісті өркендетіп, сан алуан салаға соны серпін беріп жүр. Дәстүр сабақтастығын жалғап, еліміздің әр түкпірінен жастар бас қосатын форумдар өткіземіз. Биыл мұнайлы өлкеде өтіп жатырған форум мақсаты – озық ойлы, қызу еңбек қазанында шыңдалған жас мамандар буынын қалыптастыру. Сонда ғана біздің компания алдыңғы лектен бой көрсетеді», – дейді компания бас директорының орынбасары Орал Идырысов.

«ҚазТрансОйл» компаниясы жас мамандардың ғылыми әлеуетін арттыруға ерекше мән беріп, ғылыми ізденістерге қолдау көрсетіп отыр. Форум аясында өткен ғылыми-практикалық конференцияда жас рационализаторлар өндіріс жұмысын жеделдетуге бағытталған тың жобаларын ұсынды. Мәселен, «Орал» ЖӨДС пайдалану қызметінің бастығы Артур Батырбаев құбырлардағы зауыттық оқшаулағыштарды алудың автоматтандырылған технологиясын ұсына, Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының бақылау өлшеу аспаптары және автоматика маманы Сырым Әбдіжамал мұнай құбырларын тазарту құрылғыларына талшықты-оптикалық байланыс желісі арқылы онлайн режимде мониторинг жүргізу жобасын көпшілік назарына ұсынды. Ал Жезқазған мұнай басқармасының диагностика жөніндегі инженері Мейіржан Серіков мұнай-газ

саласындағы роботтандырылған инспекция жүйесі туралы баяндады. «Жобамның негізі – мұнай тасымалын бақылау әрі диагностикалау үрдісінде роботтық технология мүмкіндіктерін ұтымды пайдалану. Бұл мұнай резервуарлары жай-күйін диагностикалау, талдау, зерттеу, еңбек және қоршаған орта қауіпсіздігін сақтау, шығынды қысқарту және өндіріс үрдісінде орын алатын істен шығу қауіпінен сейілтуге бағытталады. Мақсат – магистральды мұнай құбырлары және мұнай қоймалары бойындағы ақауларды дер кезінде анықтау және жоюға қамдану, қауіпсіз «қара алтын» тасымалын қамтамасыз ету», – дейді ол. Жиында өндіріс үрдісін оңтайландыру, жеделдету, сапалы мұнай тасымалын жүзеге асыру бойынша озық идеялар көп болды. Конференция жұмысына қатысқан «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының орынбасары Ален Таңатаров, техникалық саясат департаментінің басшысы Берік Саяхов және департаменттің бас менеджері Ербол Махматов жастардың тың идеяларына жоғары бағасын берді.

Үш күндік форум есте қаларлықтай өтті. Жастар «Oil games» интеллектуалдық сайысында алғырлықтарын көрсетсе, мықты спикерлердің тәжірибесі біраз мотивация берді. Солардың бірі – Nazarbayev University инновацияларды дамыту департаментінің маманы, NASA аумағындағы Сингулярлық университеті базасында жасақталған халықаралық медициналық Нооре стартапы негізін қалаушылардың бірі – Дамель Мектепбаева. Ол өз тәжірибесімен бөлісіп, озық идеялармен таныстырып қана қоймай, жастарды батыл болуға, озық технологияларды меңгеруге шақырды. «Көпшілік алдында сөйлеу мәнері», «Time management», «Ұқыпты өндіріс» тақырыптары бойынша өткен тренингтер жас мамандардың тұлға ретінде қалыптасуына көп ықпалын тигізді.

Форум барысында «Компания болашағын қалай көремін?» тақырыбында жазылған үздік эссе авторлары, әр аймақтағы «ҚазТрансОйл» мамандары – Төлеген Қылышбаев, Олжас Сыпатаев, Дәулен Қабдушев, Гүлшат Мұқанова, Мейіржан Серіков, Жұлдыз Қуанышбаева, Мұхтар Рзиев, Дамила Садақбаева, Артур Тілендеев және Жанат Қазбеков марапатталды.

Болашақ иесі, егеменді елдің еркін ұлдарына артылар үміт көп және олардың сол үміт үдесінен шығарына да сенім мол. ■





## Мұнайшылардың Спартакиадасы Шымкентте дүрілдеп өтті

Елімізде мемлекет тарапынан бұқаралық спортты дамытуға баса мән беріліп, спорт саласына деген көзқарас жақсарып келеді. Тұрғындардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалып, түрлі мүмкіндіктер қарастырылып жатыр. Бұл ретте «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ да мұнай және газ саласында жұмыс істейтін азаматтарды спортпен шұғылдануға ынталандырып, жыл сайын спартакиада ұйымдастырады. Ал биылғы доданың жөні бөлек. Себебі, Қазақ мұнайының ашылғанына 120 жыл толуына орай өткізіліп отыр.

Ұлттық компания басшылығы жұмысшылардың жан-жақты дамуына жағдай жасап, салауатты өмір салтын ұстануына да айрықша мән беретіні қуанарлық жағдай. Мұнайшылардың биылғы спартакиадасы, яғни, ақтық кезеңі еліміздегі үшінші мегаполис – шырайлы Шымкент қаласында аса жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Төрт күнге созылған додаға 40-тан астам команда қатысты.

Жалпы спартакиаданың финалдық кезеңіне жолдама алудың өзі өте қиын. Мұны жарысқа қатысушылар да тілге тиек етті. Өз

ұжымдары мен ірі компаниялар ішінде қатаң іріктеуден өткен кіл мықтылар ғана финалға шақырылған. Биылғы спартакиаданың іріктеу кезеңіне 52 ұжым атынан 3 мыңнан астам спортшы қатысқан. Солардың ішінен іріктелген 350 мұнайшы Шымкенттегі финалдық кезеңіне жолдама алып отыр. Бұл спартакиадада мұнайшылар армрестлинг, шағын футбол, баскетбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ және жүзуден жүзделерді сарапқа салды. Ел экономикасының күретамыры – мұнай саласының өкілдері осылайша бұқаралық

спортты дамытуға да айрықша үлес қоса білді.

Дүбірлі доданың ашылу салтанаты Шымкент қаласындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде өтті. Дүбірлі сынның ашылу салтанатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның әлеуметтік саясат қоғамдық департаментінің директоры Еркін Рақымбергенов Шымкент төріне келген мұнайшыларды құттықтап, «шын мықтылар жеңсін» деген тілегін білдірді.

«Мұнайшылардың басты спорт бәсекесіне биыл 300-ден астам спортшы қатысып отыр. Жарысты өткізуге Шымкент қаласы бекер тандалған жоқ. Бұл шаһар былтыр еліміздегі миллионер мегаполистер қатарына енді. Біз, мұнайшылар дәстүрге адал әрі сергектікті серік еткен жандармыз. Жұмыспен бірге спортты да қатар алып жүрген азаматтарға рахмет айтамын. Спартакиада әділ өтіп, шын мықтылар жеңіске жете берсін!» – деді ол.

Сонымен бірге «Каспий Битум» ЖШС бас директоры Ерболат Қожабаев, «ҚазГерМұнай» ЖШС бас директоры Мұрат Мұстафаев және мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық

кәсіподағының төрағасы Сұлтан Қалиев те айтулы саясаттың маңызына тоқталды. Спорт пен еңбек қатар жүруі керектігін айтты.

Жалпы мұнайшылар спартакиадасының деңгейі жыл өткен сайын көтеріліп келеді. Спартакиаданың бас төрешісі Халиолла Бегеновтың айтуынша, командалардың шеберлігі арта түскен.

«Жыл сайын біздің қызметкерлердің жарысқа тыңғылықты дайындалатынын аңғарып жүрмін. Бұл – қуанарлық жағдай. Жұмыспен бірге денсаулықты нығайтуға, спортпен шұғылдануға уақыт таба білген мұнайшыларға ризамын. Оларға қолайлы жағдай жасаған басшыларына да алғысымыз мол», – дейді бас төреші.

Спартакиадаға қатысқан мұнайшылар жарыстың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айтып, «ҚазМұнайГаз» басшылығы мен ұйымдастыру алқасына, қонақжай Шымкент жұртшылығына алғыстарын айтты. Біз осы азаматтардың бірқатарының пікірлерін тыңдаған болатынбыз.



**Сәнім МҰРАДОВА,**

«Өзенмұнайгаз» АҚ мұнай өңдеу операторы:  
«Спартакиада өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Оған бәріміз куә болып тұрмыз. Біз сайысқа Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласынан келдік. Мақсатымыз – «Өзенмұнайгаз» компаниясының намысын қорғау. Үш жылдан бері спартакиадаға қатысып келе жатырмын. Маған осы жарыс ұнайды. Осында әріптестермен кездесіп, тәжірибе алмасамыз. Спортшы дейтіндей спортшы емеспіз, бірақ, тек жұмыс демей, спортпен де шұғылдану керек. Біз қызмет ететін кәсіпорын басшылығы спортпен шұғылдануымызға да жақсы жағдай жасаған. Арнайы ұшақпен келіп, Шымкенттегі ең таңдаулы қонақ үйге орналастық. Командамыз жақсы дайындықпен келді. Бүгін армрестлингтен жарыс болды. Іріктеуден өттім. Құлшыныс жақсы. Қазақ мұнайының 120 жылдығы құтты болсын!»

**Нұрлан ЕЛУБАЕВ,**

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өкілі:

«Шымкенттегі спартакиадамыздың деңгейі өте жоғары. Осал команда жоқ. Жарысты өткізуге атсалысқан азаматтарға ризамын. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылығына, жігіттері мен қыздарына, ұйымдастыру алқасына, төрешілерге рахмет! Біз «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы атынан 25 спортшы әкелдік. Дайындық пен құлшыныс жақсы. Өзім волейбол додасына қатыстым. Командамыз жартылай финалға шықты. Баршаңызды волейбол ойнауға, спортпен шұғылдануға шақырамын!»

Жарыс нәтижесін ретімен баяндасақ, алғашқы күні армрестлингтен мықтылар анықталды. Қызықты әрі тартысты өткен бәсекеде 80 келі салмақ дәрежесіне дейінгі ерлер арасында «Казгермұнай» БК ЖШС қызметкері Ерхан Келдібайұлы чемпион атанса, 80 келіден жоғары салмақта Бақыт Ержанов («Өзенмұнайгаз») қарсыласын шыдатпады. 65 келіге дейінгі әйелдер арасында Гүлден Еделбаева («ПМХЗ») чемпион атанды. Ал 65 келіден жоғары салмақ дәрежесінде Айгүл Шурипова («Қазақойл Ақтөбе») топ жарды.

21 маусымда шахмат пен үстел теннисінен жүлдегерлер айқындалды. Шахматтан әйелдер арасында Маржан Құлекеева («ПКОП») жеңімпаз атанса, ерлер арасында «ҚазТрансОйл» қызметкері Валерий Алляров бірінші орынды жеңіп алды. Үстел теннисінен ерлер арасында Павлодар мұнай-химия зауытының сайыпқыраны Дастан Жұмалиев чемпион болса, әйелдер арасында Лаура Айтжанованың («КМГ EP-Catering») мерейі үстем болды.

Жүзуден Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметкері Азамат Жолымбетов кезекті рет чемпион болды. Ол қарсыластарының да деңгейі өсіп келе жатқанын айтты.

«Көңіл-күй өте керемет. Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Өз тәжірибем мен дайындығымның арқасында бірінші орын алдым. Бұған дейін де «ҚазМұнайГаздың» екі спартакиасында топ жарған болатынмын. Биыл жаңадан қатысқан әріптестерім көп болды. Қарсыластарым да жақсы дайындалып келіпті. Бірақ намысты қолдан бермей, Аты-



рау мұнай өңдеу зауытындағы әріптестеріміз сенімін ақтай білдім. Барша мұнайшыларға, ұйымдастырушыларға рахмет!» – дейді чемпион.

Әйелдер арасында Павлодар мұнай-химия зауытының қызметкері Анна Хабибулина топ жарды.

Қазақтың ұлттық спорты – тоғызқұмалақты меңгерген мұнайшылар да көп екен. Бұл – төл мұрамызға деген құрмет. Әйелдер арасында Атырау мұнай өңдеу зауытының өкілі Анар Құмарова бірінші орынға ие болды. Ерлер арасында «Қазгермұнай» намысын қорғаған Қайрат Тойболовтың мерейі үстем болды.

Спартакиаданың көркін командалық ойын түрлері қыздыра түсті. Әсіресе, волейбол бәсекесі аса тартысты әрі қызыққа толы болды. Жастармен тең дәрежеде өнер көрсете білген 56 жастағы тәжірибелі Павел Гречко бізге берген сұхбатында: «Дайындығымыз өте жақсы. Кезінде КСРО чемпионатында өнер көрсеткем. Қасымдағы жас жігіттер де мықты. Бас жүлде үшін келіп тұрмыз» деген еді, сөзінде тұрды. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның командасы барлық қарсыласынан басым түсіп, спартакиада жеңімпаздары атанды. Волейболшы әйелдер бәсекесінде «АМӨЗ» чемпион болды. Атыраудың мұнайшы қыздары әуедопты жақсы меңгергендерін дәлелдеді.

Баскетболдан тек ерлер арасында жүлде сарапқа салынды. Бұл додада 8 команда арасынан «АМӨЗ» командасы суырылып шықты. Сөйтіп, алтын медальға иелік етті. «Қазгермұнай» мен «ҚазТрансОйл» командалары күміс пен қоланы еншіледі.

Ең тартысқа әрі драмаға толы шағын футбол бәсекесінде күтпеген нәтижелер де тіркелді. Мәселен, өз тобында қарсылас шыдатпай, бір қарсыласын 8:1, тағы бірін 2:0 есебімен ұтқан «ҚазТрансОйл» жігіттері жартылай финалда «Өзенмұнайгаздан» жеңіліп қалды. Ойын тағдырын жалғыз гол шешіп кетті. Жаңаөзен жігіттері мықтылық танытты.

Командалар аса жоғары дайындықпен келген екен. Мұнайшы жігіттер жасыл алаң төрінде аянып қалмады. Нәтижесінде финалға «Oil Servies Company» мен «Өзенмұнайгаз» командасы шығып, алғашқысы жеңіске жетті. Сөйтіп «Oil Servies Company» спартакиаданың жеңімпазы атанды. Ал қола жүлде «Қазгермұнай» командасына бұйырды.

Жарыстың жабылу салтанатында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ адами ресурстарды басқару жөніндегі директоры Дәулетжан Хасанов «Бүгін Шымкент қаласында Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының спартакиадасы мәреге жетіп отыр. Жарыстар өте жоғары деңгейде өтті. Спартакиадаға 400-ге жуық мұнай саласы қызметкерлері қатысып, 8 спорт түрінен жүлделерді сарапқа салды. Үздіктер анықталды. Бірақ мен бұл сайыста еңкім жеңілген жоқ деп есептеймін. Бәріміз – жеңімпазбыз. Оның себебі, «ҚазМұнайГаз» компаниясының бастамасын қолдап, салауатты өмір салтын, спортты насихаттай білдіңіздер. Осы спартакиаданы өткізуге үлес қосқан Шымкент жұртшылығына, қала әкімдігіне, Шымкенттегі мұнай өң-

деу зауытының басшыларына, барша ұйымдастырушыларға рахметімді айтамын. Сіздердің жарысқа қатысуларыңызға үлес қосып, қолдау көрсеткен компания басшыларына да ризашылығымызды білдіреміз. Қазақ мұнайының 120 жылдық мерейтойы құтты болсын! Баршаңыздың отбасыларыңызға амандық, зор денсаулық және табыс тілеймін. Жеңісті күндерде жолыға берейік!» дей келе жүлдегерлерді марапаттады.

Сонымен бірге бокстан Афины Олимпиадасының чемпионы Бақтияр Артаев пен Шымкенттегі «ПетроҚазақстанОйлПродактс» мұнай өңдеу зауытының бірінші вице-президенті Асқар Тұрысбеков және өзге де мәртебелі қонақтар жүлдегерлерге «ҚазМұнайГаз» компаниясы атынан медаль, диплом және кубоктарды тапсырды. Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық кәсіподағының төрағасы Сұлтан Қалиев те кәсіподақ атынан бірнеше команда мен спортшыны арнайы марапаттаса, волейбол, баскетбол және шағын футбол сайыстарында ерекше көзге түскен бірнеше қатысушыға да арнайы атаулы сыйлықтар берілді.

Салтанатты іс-шарада жергілікті әншілер патриоттық әндер шырқап, қатысушылардың көңілін серпілтті. Ардагер мұнайшылар әріптестер арасындағы рухани сабақтастық, еңбекке негізделген бай дәстүр үзілмесін деген тілектерін білдірді. Шымкент төрін дүбірге бөлеп, спорттың 8 түрінен сынға түсіп, спортты насихаттаған мұнайшылар «Келесі спартакиадада кездескенше!» деп тарқасты. **M**



## «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбек ұжымдары арасындағы Спартакиаданың жеңімпаздары

### Армрестлинг, ерлер 80 кг дейінгілер

1	Ерхан Келдібайұлы, «Қазгермұнай» БК ЖШС
2	Жасұлан Есбосынов, «CASPI BITUM» БК ЖШС
3	Айтқали Мусаев, «Өзенмұнайгаз» АҚ

### Жүзу, ерлер

1	Азамат Жулумбетов, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
2	Ғани Чалабаев, «Тұлпармұнайсервис» ЖШС
3	Есет Утельбаев, «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС

### Армрестлинг, ерлер 80 кг жоғарылар

1	Бақыт Ержанов, «Өзенмұнайгаз» АҚ
2	Бахтияр Тулебаев, «Қаражанбасмұнай» АҚ
3	Дмитрий Акунишников, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

### Жүзу, әйелдер

1	Анна Хабибуллина, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС
2	Ирина Филяева, «ҚазТрансОйл» АҚ
3	Әлия Мұсағалиева, «Өзенмұнайгаз» АҚ

### Армрестлинг, әйелдер 65 кг дейінгілер

1	Гүлден Едельбаева, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС
2	Қарашаш Умирзакова, «Ембімұнайгаз» АҚ
3	Маншук Мырзагулова, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС

### Тоғызқұмалақ, ерлер

1	Анар Кумарова, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
2	Бейбіткүл Әбдірахманова, «Қазгермұнай» БК ЖШС
3	Айткүл Тулебекова, «Өзенмұнайгаз» АҚ

### Армрестлинг, әйелдер 65 кг жоғарылар

1	Айгүл Шурипова, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС
2	Сәнім Мурадова, «Өзенмұнайгаз» АҚ
3	Наталья Кинчина, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС

### Тоғызқұмалақ, әйелдер

1	Қайрат Тойболов, «Қазгермұнай» БК ЖШС
2	Қанат Төремұратов, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС
3	Әсет Сабақбаев, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

### Шахмат, әйелдер

1	Маржан Құлекеева, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС
2	Алтынай Шеримғалиева, «Өзенмұнайгаз» АҚ
3	Ақмарал Усалиева, «Ембімұнайгаз» АҚ

### Баскетбол

1	«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
2	«Қазгермұнай» БК ЖШС
3	«ҚазТрансОйл» АҚ

### Шахмат, ерлер

1	Валерий Аллаяров, «ҚазТрансОйл» АҚ
2	Исламбек Бердалиев, «Өзенмұнайгаз» АҚ
3	Жәнібек Мерекеев, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС

### Волейбол, ерлер

1	«ҚазТрансОйл» АҚ
2	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
3	«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

### Үстел теннисі, ерлер

1	Дастан Жұмалиев, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС
2	Бактыбек Джаксикаликов, «Өзенмұнайгаз» АҚ
3	Николай Ким, «Интергаз Орталық Азия» АҚ

### Волейбол, әйелдер

1	«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
2	«Өзенмұнайгаз» АҚ
3	«ҚазТрансОйл» АҚ

### Үстел теннисі, әйелдер

1	Лаура Айтжанова, «KMG EP-Catering» ЖШС
2	Марина Ким, «Қазгермұнай» БК ЖШС
3	Гүлмира Иржанова, «ҚазТрансОйл» АҚ

### Шағын футбол

1	«Oil Services Company» ЖШС
2	«Өзенмұнайгаз» АҚ
3	«Қазгермұнай» БК ЖШС

#### МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ  
Газет Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрлігінде есепке қойылып,  
№ 17496-Г куәлігі берілген.

#### Мекен-жайымыз:

010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй,  
А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі  
редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап  
бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған  
материалдар көшіріліп басылса, сілтеме  
жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редак-  
ция жауап береді.

#### Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бағлан Айдашов – B.Aidashov@kmg.kz

Ұлан Смаилов – U.Smailov@kmg.kz

Рәмир Нигматулин – R.Nigmatulin@kmg.kz

Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz

Ақсана Джапарова – A.Japarova@kmg.kz

Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49

e-mail: [mm@kmg.kz](mailto:mm@kmg.kz)

Газет айына 1 рет шығады,  
Таралымы 10 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС  
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,  
41-үй, 476 кеңсе.  
Тел.: +7 (7172) 68 00 79